

Дегенмен, бұл аталған ескертулер диссертацияның ғылыми және тәжірибелік құндылығын төмендетпейді және зерттеу нәтижелері мен қорытындыларының мәні мен маңыздылығына әсер етпейді.

7. Тиісті мамандық бойынша философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беру мүмкіндігі туралы қорытынды

Б.М. Мажиновтың 6D010500 – Дефектология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынған «Жоғары оқу орындарында мүгедек студенттерге білім берудің ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттары» атты диссертациялық жұмысының ғылымилығы, көкейкестілігі күмән келтірмейді. Диссертациялық жұмыс аяқталған, дербес орындалған ғылыми жұмыс болып табылады. Ізденуші міндеттерді нақты қоя білуімен қатар, шешімін де дәлелді көрсете білген.


Ұсынылып отырған ғылыми зерттеудің орындалу деңгейі, теориялық және практикалық құндылығы, мазмұны және рәсімделуі Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі, Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитетінің «Ғылыми дәрежелерді беру ережелерінің» талаптарына толығымен сәйкес келеді. Сондықтан, «Жоғары оқу орындарында мүгедек студенттерге білім берудің ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттары» атты диссертациялық жұмыстың негізінде Мажинов Бағдат Молдахметұлы 6D010500 – Дефектология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп санаймын.

Ресми рецензент:

Павлодар мемлекеттік педагогикалық институтының анатомия, физиология және дефектология кафедрасының меңгерушісі, PhD докторы, доцент



Т.Б. Кенжебаева



6D010500 – Дефектология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қорғауға ұсынылған
Мажинов Бағдат Молдахметұлының «Жоғары оқу орындарында мүгедек студенттерге білім берудің ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттары» атты тақырыбындағы диссертациялық зерттеуіне

ШКІР

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі мен оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы

Қазақстан қуатты да табысты мемлекетке айналып, өзінің бастамалары арқылы жоғары халықаралық беделге ие болуы үшін, оны іске асыратын адам капиталының бәсекеге қабілеттілігін арттыру мәселесі шешуін күтуде.

Даму мүмкіндіктері шектеулі және мүгедек тұлғалардың кәсіптік құзырлығын, рухани байлығын, жан саулығы мен тән саулығын қамсыздандыру әрекеті кезек күттірмейтін мәселенің бірі. Осыған орай мүгедек тұлғалардың білім алуы қазіргі білім беру жүйесінде ерекше орынға ие болып, Қазақстан Республикасының білім беру аймағындағы реформалар да ізгілікке бағыттталып отыр.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында тұтас халықтың өзі бәсекелік қабілетін арттыруына баса назар аударып, бәсекелік қабілетті материалдық өнім ғана емес, сонымен бірге, білім, қызмет, зияткерлік өнім немесе сапалы еңбек ресурстары болуы мүмкін, - деп тұжырымдайды. «Нақты мақсатқа жетуге, білім алуға, саламатты өмір салтын ұстануға, кәсіби тұрғыдан жетілуге басымдық бере отырып, осы жолда әр нәрсені ұтымды пайдалану – мінез-құлықтың прагматизмі» деп белгідейді.

Сонымен, мүгедек тұлғалардың зияткерлік дамуы, психикалық-физиологиялық және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, халықтың барлық деңгейдегі білімге қолжетімділігін көпдеңгейлі кәсіптік білім беру сапасын арттыру мақсатындағы білімдендіру жүйесінің даму бағыттарын айқындап, траекториясын белгілеу және соның негізінде күтілетін нәтижеге сәйкес зияткерлік тәлім-тәрбие беру жүйесін жетілдірудің қажеттілігі арта түсуде.

Инклюзивті білім беру - сапалы білімнің барлық адамдар үшін қолжетімділігін қалыптастыруға бағытталған білім беру жүйесін трансформациялау үдерістерінің бірі болып табылады. Ең бастысы, мүгедек және даму мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың әлеммен байланысында кедергілерді жоюға және тұтас қоғамға кіріктірілуіне мүмкіндік беріп, шектеушілік пен оңашалау қауіп-қатерін төмендету. Ұлттық деңгейде аталмыш салада кешенді зерттеулердің жүргізілуі Қазақстандағы ЖОО-нда инклюзивті білім берудің қалыптасуына негіз, бұқаралық ойдың дамуына ықпал етері кәміл.

Автор диссертациялық жұмыс барысында Жоғары оқу орындарында мүгедек студенттерге білім берудің ұйымдастырушылық-педагогикалық

шарттарын, ЖОО-нда инклюзивті білім беруді ұйымдастырудың тиімді жолдарын зерттеп, сараптамалық, эксперименттік, факторлық талдаулар жасаған.

Жоғарыдағы маңызды мәселелер туралы Мажинов Бағдат Молдахметұлы өз еңбегіне арқау етіп алған мүгедек студенттердің ЖОО-да кедергісіз білім алуларына бағытталған түрлі ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттардың тиімділігін нақты, айқын мысалдар арқылы ашып, тиімді білім алуларының маңызды факторы ретінде арнайы ашылған ЖОО-да мүгедек студенттерге кеңес беру-практикалық қолдау орталығының моделіне эксперименттік апробация жүргізілген. Зерттеушінің сараптаулары диссертациялық жұмыстың мәнділігі мен өзектілігін дәлелдейді.

2. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделу және шынайылық дәрежесі

Б.М. Мажинов көптеген психологиялық, педагогикалық және іргелі ғылымдық әдебиеттерге талдау жасап, нормативтік-құқықтық құжаттардағы зерттеудің басты мәселесі бойынша жан-жақты бағыттар, ұғымдар мен тұжырымдамаларды жалпылаған.

Диссертацияның ғылыми-әдіснамалық аппараты, қорғауға ұсынылған қағидалардың негізділігі мен дәлелділігі, зерттеу барысында алынған ғылыми нәтижелер мен қорытынды зерттеудің мазмұнымен үйлесімді болуын қамтамасыз етеді.

Осының негізінде автор өзінің ерекше көзқарасын белгілейтін және айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізген дербес зерттеуін жүзеге асырған.

Бірінші ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы кешенді түрде жүргізілген теориялық талдау және эксперименттік әдіс пен психодиагностикалық әдістемелер арқылы анықталып, логикалық пен ішкі-сыртқы валидтілік арқылы дәйектеледі.

Екінші ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы Қазақстан Республикасындағы мүгедек студенттерді оқыту теориясы мен тәжірибесінің қазіргі жағдайы талданып, теориялар мен тұжырымдамалар арқылы қорытылып, эксперименттік зерттеу әдістемелерінің кешенін пайдалану арқылы оларға ЖОО-дағы оқу үрдісінде қолдау көрсету түрлері анықталып, дәлелденеді.

Үшінші ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы ұйымдастырушылық-педагогикалық мазмұндағы шарттары зерттеу нысаны мен зерттеу пәніне байланысты іргелі отандық және шетелдік әдебиеттерге ғылыми-аналитикалық шолу, бөлімінде зерттеу мәселесі бойынша жан-жақты теориялық талдау және тақырыпқа сай жүргізілген эксперименттік зерттеулер арқылы негізделеді, тиімділігін анықтайтын критерийлер белгіленеді.

Төртінші ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы бұл психологиялық-педагогикалық зерттеуде ЖОО-да мүгедек студенттерді

қолдаудың кеңес беру-практикалық орталығының моделі әзірленіп, теориялық негізделді.

3. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижесі (қағидасы) мен қорытындысының жаңалық дәрежесі

1. *Бірінші ғылыми нәтижеге қол жеткізу үшін* – диссертант зерттеу мәселесіне қатысты әлемдік философиялық, педагогикалық және психологиялық еңбектерді зерделеген. Қазіргі уақытта алдыңғы қатарлы шетелдерде мүгедек студенттерді қолдау және оларға қажетті барлық жағдайлар жасаудың оң тәжірибесін жинақтап, отандық теория мен тәжірибедегі ЖОО-да мүгедек тұлғаларға білім беру мақсатындағы жүргізіліп жатқан жұмыстарды саралаған. Соның негізінде ЖОО-да мүгедек студенттерге білім беру үрдісін теориялық-әдіснамалық негіздеп, «инклюзивті білім беру» ұғымының мазмұнын, ұйымдастыру ерекшеліктерін анықтағандығы жаңалық болып табылады.

2. *Екінші ғылыми нәтижені де* жаңа деуге болады. Өйткені, арнайы жағдайлар қажеттіліктері бойынша мүгедек студенттердің өзекті сұраныстары мен ЖОО-дағы оқу үрдісінде қолдау көрсету түрлері анықталған, ЖОО-да мүгедек студенттерді тиімді оқытуға қажетті ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттардың моделі әзірленіп, апробациядан өткізілген.

3. *Үшінші ғылыми нәтиже* – құрылымының мәні вариативті және инвариантты элементтерден тұратын ЖОО-да даму мүмкіндігі шектеулі студенттерді қолдаудың кеңес беру-практикалық орталығының моделі әзірленіп, теориялық негізделуі жаңа деп есептелінеді.

4. Мүгедектерге жоғары кәсіби білім беру білім алу құқығын іске асыру шарттарының бірі ғана емес, сонымен бірге оларды тиімді әлеуметтендіруді, бейімдеуді және кәсіби еңбекпен өзін-өзі қамтуын іске асырушы маңызды фактор ретінде түсініктерін қалыптастыратындығы – *зерттеудің төртінші ғылыми нәтиженің* жаңалығын көрсетеді.

4. Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталатындығы

Диссертациялық зерттеуде қарастырылған мәселе бойынша алынған ғылыми нәтижелер психологиялық-педагогикалық теорияны толықтырып, арнайы білім беру жүйесіндегі бірқатар күрделі педагогикалық, психологиялық көкейкесті міндеттерді шешуге бағытталады.

Сонымен қатар, зерттеу бойынша алынған нәтижелер, теориялық тұжырымдар мен тәжірибелік ұсыныстар түрлі іргелес ғылыми сала мамандарына пайдалы болуы мүмкін.

Ұсынылған ЖОО-да мүгедек және даму мүмкіндігі шектеулі студенттерді қолдаудың кеңес беру-практикалық орталығының теориялық моделі мен мүгедек студенттерді қолдау бойынша әзірленген әдістемелік материалдары Республикамыздың басқа да ЖОО-да табысты түрде қолданыс тапса, мүгедек студенттердің кәсіби жоғары білім алу үрдісінің тиімділігінің

арта түсуіне, басқа да кедергілердің азаюына септігін тигізеді және инклюзивті білім беру жағдайында микро- және макро-ортаны бейімдеу ресурстарын айқындауға көмектеседі.

Жалпы, зерттеудің практикалық мәні мен маңызы еңбек әрекетінің әртүрлі салаларына негізделген арнайы педагогика және арнайы психология практикасында қолдану мүмкіндігімен ерекшеленеді.

Диссертация материалдары біліктілікті жетілдіру жүйесінде психологтердің, педагогтердің, тәлімгерлердің оқытуын ұйымдастырғанда, шебер-кластарды жүргізгенде қолдануға болады.

5. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткілікті толықтығына растама

Диссертант Мажинов Бағдат Молдахметұлының зерттеу тақырыбы бойынша жарияланған ғылыми еңбектерінің жалпы саны 13 мақала.

Диссертацияның негізгі қағидалары, нәтижелері, тұжырымдары мен қорытындысы, зерттеу мәселесінің шешімі импакт-фактор (мақалаларында мақала Scopus базасына енген шет елдік басылымында), халықаралық, республикалық, ғылыми-практикалық конференцияларда баяндалып, эксперимент жүргізу барысында жүзеге асқан, сондай-ақ, мерзімді басылымдарда жарық көріп, ғылыми мақалаларда, ғылыми жинақтарда көрініс тапқан.

6. Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер

Б.М. Мажиновтың диссертациялық зерттеуін толық аяқталған, жоғары дәрежеде орындалған жұмыс деп тұжырымдаймын, дегенмен жұмыста кемшіліктерде орын алған:

1. Еңбекте философиялық, психологиялық және педагогикалық әдебиеттерге, психологиялық, педагогикалық зерттеулерге, халықаралық және қазақстандық құжаттар мен педагогикалық тиімді үлгілерді зерттеу, нормативтік-құқықтық құжаттарға терең талдау жасау арқылы ЖОО-нда мүгедек студенттерге білім берудің ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттары жүйелілік принциппен айқын көрсетілген. Дегенмен инклюзивті білім берудің әлеуметтік-педагогикалық детерминанттары толығырақ қамтылғанда диссертацияның құндылығы арта түсер еді.

2. «Инклюзивті білім беру» ұғымы: мәні, мазмұны және құрылымын сипаттауға қатысты өз еліміздің ойшыл, ағартушылардың құнды идеяларын талдауды тереңдете түсіп, оның қазіргі таңдағы маңызын аша түсу керек еді.

3. №9 кестенің атауын нақтылау, 14 кестені 18 кестеге сәйкестендіріп, мамандықтарды жеке-жеке алып, (шифрымен) берген жауаптарының пайыздық көрсеткіштерін бір жүйемен жасаған абзал еді.

4. Диссертацияның мәтінінде стилистикалық және орфографиялық қателер кездеседі.